

**Мырзабеков Ержан Есілбековичтің 6D010300 – «Педагогика және
психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін
алу үшін «Болашақ мұғалімдердің креативті тұлғасын инновациялық
іс-әрекетке дайындау процесінде қалыптастыру» тақырыбы
бойынша ұсынылған диссертациялық жұмысына**

**Екінші ғылыми жетекші, педагогика ғылымдарының кандидаты,
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің
профессоры Т.А. Данияровтың**

ПІКІРІ

Білім беру жүйесінде жастарға сапалы білім беріп, олардың тұлға ретінде қалыптасуына, үйлесімді дамуына ұстаздардың жалпы педагогикалық, ғылыми-теориялық, әдістемелік жаңалықтар мен озық тәжірибелі жетік меңгеруінің, кәсіби дамуының маңызы зор. Жоғары оку орындарында болашақ бакалаврларды кәсіби даярлаудың басты мақсаты – шығармашылық даралығы мен ерекше шығармашылық ойлауы бар тұлғаны дамыту. Тек қана арнайы білім алу жақсы түлек деп аталу үшін жеткіліксіз, жеке тұлғаның жеке бейімділігіне, креативті әлеуетіне сәйкес келетін жеке тұлғаның осындай аспектілерінің дамуын ескеру қажет.

Зерттеу жұмысында университет студенттерінің қоғамдық өмірдің өзіндік дамуы мен қалыптасуының субъектісі ретінде инновациялық білім беру ортасында педагогикалық креативтігін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздерін анықтау және оның ішкі тетіктерін табуға ерекше көңіл бөлуі өте құптарлық. Инновациялық білім беру үдерісі университет студенттеріне білім берудің әр кезеңінде жаңашылдық идеялар ұсынудағы жаңа тұғырлар немесе туындылар, ақыл-ой әрекеттерінің дәстүрлі жүйелермен сабактастықта және түрлі іс-әрекетте педагогикалық креативтікі қалыптастыру мүмкіндігін тудырады.

Мұнымен қоса, зерттеу еңбегінде Ержан Есілбекович болашақ мұғалімнің кәсіби дайындығының мазмұны педагогикалық білім беруді модернизациялау контекстіне негізделген динамикалық құрылым ретінде оқытушылардың, жұмыс берушілер мен студенттердің инновациялық іс-әрекетке дайындаудың қазіргі жағдайы бірлескен қызметінде үнемі жаңартылып, жобалану қажеттілігіне басымдық берген. Креативті кәсіби дайындықтың мазмұны осы дайындықтың мүмкіндіктері негізінде қалыптасатын құзыреттілікке негізделген. Сондықтан да бүгінгі күні ЖОО студенттерінің креативті тұлғасын инновациялық іс-әрекетке дайындау процесінде қалыптастыру мәселесі өзекті болып табылады.

Диссертациалық жұмыстың «Оқу-тәрбие үдерісінде студенттердің креативті тұлғасын қалыптастырудың теориялық негіздері» атты бірінші бөлімде ЖОО студенттерінің креативтілігін дамытудың теориялық алғышарттары зерделеніп, креативті тұлғаны қалыптастырудың болашақ мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетке дайындаудың қазіргі жағдайы қарастырылған.

Болашақ мұғалімдердің креативті тұлғасын инновациялық іс-әрекетке дайындау процесінде дамытудың педагогикалық шарттары анықталып, әдістері мен формалары ұсынылған. Студент тұлғасының креативтілігін дамыту жөніндегі тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың мазмұны «Болашақ мұғалімдердің креативті тұлғасын инновациялық іс-әрекетке дайындау процесінде қалыптастыруды жүзеге асыру» атты екінші бөлімде қарастырылған.

Болашақ мұғалімдердің креативті тұлғасын инновациялық іс-әрекетке дайындау процесінде қалыптастырудың білім мазмұнындағы орны анықталған. Зерттеудің ғылыми жаңалығы ретінде ЖОО-дағы оку үдерісінде болашақ мұғалімдердің креативті тұлғасын қалыптастырудың теориялық негіздері қарастырылған. Креативті тұлға қалыптастырудың моделі жасалып, құрылымы мен мазмұны, компоненттері, деңгейлері және олардың қалыптасу өлшемдері анықталған. Болашақ мұғалімдердің креативті тұлғасын инновациялық іс-әрекетке дайындау процесінде дамытудың педагогикалық шарттары ұсынылған. Болашақ мұғалімдердің креативті тұлғасын инновациялық іс-әрекетке дайындау процесінде қалыптастыруды жүзеге асырудың әдістері мен формасының тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында тексерілген.

Мұнымен қоса, диссертант зерттеу тақырыбына қатысты ЖАҚ тізіміндегі және Scopus базасындағы нөлдік емес импакт-факторы бар халықаралық журналда мақала жариялаған.

Корыта келгенде, Диссертант Мырзабеков Ержан Есілбековичтің «Болашақ мұғалімдердің креативті тұлғасын инновациялық іс-әрекетке дайындау процесінде қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациясы ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің диссертациялық жұмыстарына қойылатын барлық талаптарына жауап береді. Сондықтан осы жұмысты 6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін диссертациялық кеңесте қорғауға ұсынамыз.

**Екінші ғылыми жетекші,
педагогика ғылымдарының кандидаты,
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық
қазақ-түрік университетінің профессоры:**

